

Shet shugylyasy



Shet aýdandyq qoǵamdyq-saiazi gazetini Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady beisenbi, 26 tamyz 2021 jyl №34 (10 862)

АТА ЗАҢ - ЕЛІМНІҢ АЙБЫНЫ, ЕРКІНДІГІ БАЙЛЫҒЫ!

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Тәуелсіздіктің құқықтық негіздері

АЙБАРЫ АСҚАҚ АТА ЗАҢ

1995 жылы 30-шы тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған Конституция өзінің тиімділігін, өміршеңдігін дәлелдеді. Қазақстан Республикасының халқы тәуелсіз, құқықтық-демократиялық мемлекет құрып, әлемдік қауымдастықта лайықты орын алды. Конституция қабылданған күннен бергі уақыт ішінде азаматтарға өмірдің көптеген салаларына қатысуға еркін таңдау құқығын берді. Мемлекетімізде жүргізіліп отырған Конституциялық реформа еліміздің саяси күштерінің, қоғамның ортақ келісімінің жемісі деп білеміз. Бұл өзгерістер біздің мемлекетіміз бен қоғамымыздың одан әрі демократиялануына мүмкіндік береді. Мәжіліс депутаттарын сайлау, саяси партиялардың рөлін күшейту, Мәслихаттардың рөлін көтеру, адам құқықтарын қорғау институттарын нығайту, әділ сот жүйесін жетілдіру туралы, т.б. өзгерістерді Қазақстан халқы үлкен қолдаумен қарсы алды. Әкімдердің сайлауы заңмен бекітіліп, биыл бірқатар ауыл-кент әкімдерін тікелей халық сайлады. Бұл өз кезегінде жергілікті атқарушы органдар қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге, әкімдердің жауапкершілігі және халықтың билік құрылымдарына деген сенімін арттыра түседі.

Конституция - бұл еліміздегі демократиялық реформалар, бұл барлық халықаралық қауымдастықтың Қазақстанды танығандығының белгісі. Өзінің ұрпақтары мен бүкіл елінің келешегін жасап жатқан халқымыздың жаңа тарихын жасауды уақыт біздің еншімізге беріп отыр. Конституция күнін жарқыратып, Тәуелсіздік тұғырын берік ұстап, еліміздің бірлігін сақтау - біздің отансүйіштік парызымыз әрі борышымыз. Еліміз таңдаған жолдың жетістікке апаратынына, оған Қазақстан Республикасының Конституциясы кепілдік беретініне сенім мол.

Х.СӘРСЕНБЕКОВ,
ҚР Ауылшаруашылығы саласының Құрметті ардагері.



ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Тәуелсіздіктің құқықтық негіздері

ЕЛІМІЗДІҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ

Конституциямызды қабылдап, құрметтеп, оның талаптарын орындауымыздың басты себебі - ол Қазақстан Республикасының азаматы екенімізді және негізгі құқықтарымызды бекітетін бірден-бір аса маңызды және негізгі құқықтарымызды бекітетін бірден-бір аса маңызды құжат. Жыл сайын тамыз айының 30-да елімізде Конституция күні ең үлкен мереке ретінде аталып өтуде. Тәуелсіз еліміздің Конституциясы қабылданған күннен бергі 30 жыл уақыт ішінде мемлекеттің және біздің өрқайсымыздың өмірімізде көптеген өзгерістер болды.

Тәуелсіздігіміздің 30 жыл мерзімінде ел экономикасы тұрақты түрде дамып, өлеуметтік проблемалардың сәтіден пешім тауып жатқанына куә болдық. Конституция арқылы әрбір қазақстандық азамат еңбекті және қалаған кәсібін, діни сенім мен білімді еркін таңдау құқығына, қоғамдық өзгерістерге қатысу құқығына ие. Елімізде біртұтастықты, бейбітшілікті сақтауда Конституциямыздың атқарар рөлі ерекше зор.

Сондықтан Конституция достығы жарасқан көп ұлтты мемлекетіміздің алтын қазығы іспетті. Мереке құтты болсын!

Қ.БАЛАБЕКҰЛЫ,
Мойынты кенті ақсақалдар алқасының төрағасы.

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді мемлекеттік мереке - Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Ата Заңымызды қабылдау біздің тәуелсіз егеменді мемлекетіміз үшін және бүкіл қазақстандықтар үшін елеулі оқиға болып қалды. Конституция Қазақстанның дүниежүзілік қауымдастық құрамына ену жолындағы еліміздің барлық саладағы даму бағыттарын анықтап берді және ол алдағы бірнеше жылға арналған іс-қимыл бағдарламасы болып отыр.

Биыл Тәуелсіздігімізге 30 жыл толып отырған елімізде жүзеге асырылған игілікті шаралар, Конституцияда көрсетілген құқықтар мен кепілдіктер біздің өміріміздің барлық қырына игілікті әсер етіп, алға қарай жылжуымыздың алғышарты болды.

Бұл маңызды құжаттың әр жолында ел азаматтарының еңбек етуге және білім алуға құқығы немесе сенімді таңдау бостандығы, демократиялық реформаларды жүзеге асырудағы заңмен бекітілген бағыттар, қазақстандықтардың жаңа заманға сай болуға ұмтылысы жатыр.

Саясаттағы терең ұстанымымен және экономиканы нығайтудағы, өлеуметтік саланы дамытудағы, адам өміріне көңіл бөліп, аға буынға ерекше қамқорлық жасаудағы, жастарды тәрбиелеудегі Қазақстанның әлем мойындаған табысы - мұның бәрі біздің Конституциямыздың жетістігі.

Осынау салтанатты мереке күні Сіздерге, құрметті аудан тұрғындары шын пейілімізбен зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, таңдаған жұмыстарыңызға табыс, отбасыларыңызға амандық, бейбіт аспан, мол бақыт және ертеңгі күнге деген сенім тілейміз!

М.МҰХТАРОВ,
аудан әкімі.

Б.ТӨЛЕУҚҰЛОВ,
мәслихат хатшысы.

Жыр шашу


АТА ЗАҢ - АЗАТ ЕЛДІҢ АР-НАМЫСЫ!

Нұр шашқан жас ұрпақтың ұғымына, Тікелей әсер еткен ғұмырына. Айналды Ата Заңым мызғымайтын, Тәуелсіз мемлекеттің тұғырына!

Әр бабы, әр тармағы жойылмайды, Шектеу де және тегін қойылмайды! Келісім-шарт жасасқан барлық шет ел, Қазақтың Ата Заңын мойындайды!

Өмірден әділдік пен бақ табатын, Құқығым қорғалды деп шаттанатын. Өзіндей жас өркендер келеді өсіп, «Бұл біздің - Ата Заң» деп мақтанатын!

Өркендеп өз қолына алған ісі, Биікке қазағымның самға, құсы! Халық боп қадір тұтып, қастерлеген, Ата Заң - Азат елдің Ар-намысы!



1 қыркүйек - Білім күні

Құрметті ұстаздар! Құрметті ата-аналар!

Қаз айының бірінші күні еліміз баршамызға жақын мереке - Білім күнін атап өтеді. Осы күні ата-аналарының, әжелері мен аталарының сүйіспеншілігіне бөленген бірінші сыныпқа баратындар, тағы бір жасқа есейген шәкірттер, өз оқушыларымен кездесуге асыққан ұстаздар, білім ардагерлері - баршасы осы күнді ерекше сезіммен қарсы алады.

Мемлекет басшысы К.Тоқаев өткен жылғы қыркүйек айындағы "Жаңа жағдайдағы Қазақ-

стан: іс-қимыл кезені" атты халыққа арнаған Жолдауында коронавирус індетінің салдарынан дүниежүзіндегі мектеп оқушылары мен студенттердің басым көпшілігі қашықтан оқуға көшті. Бұл жұмыстың тәсілі мен мазмұнын түбегейлі өзгертуде. Дегенмен, сапалы білім алу үшін әдеттегідей сабаққа қатысып, мұғалімдермен және сыныптастармен араласудың орны бөлек деп, бірқатар тапсырмалар жүктеген болатын. Президент тапсырмасына

сәйкес білім саласы бүгінде санитарлық талаптарды сақтай отырып, білім алудың қалыптасқан дәстүрлі тәсіліне қайта көшудің жолдарын қарастыруда.

Тәуелсіздігіміздің 30 жылы аралығында білім саласы айтарлықтай жетістікке жетті. Әлемдік қауымдастықта өзінің лайықты орнын алған еліміз Тұңғыш Президентіміз - Елбасы Н.Назарбаевтың сындарлы саясатының арқасында прогресс жолында сенімді қозғалып келеді. Осы бағытта экономикалық және қоғамдық жанарудың сұранысына сәйкес келетін қазіргі заманғы білім беру жүйесін құруға назар аударылуда. Соның дәлелі кейінгі жылдары ауданымызда білім беру мен

тәрбиенің сапасын жақсартуға, материалдық-техникалық базаны жаңарту, кадрлар әлеуетін жетілдіру, ақпараттандыру деңгейін көтеруге ерекше көңіл бөлініп келеді.

Осынау мереке күні барлық аудан тұрғындарын, ұстаздарды шын көңілмен құттықтай отырып, жас ұрпаққа саналы да, сапалы тәлім-тәрбие беруде жаңа жетістіктерге жете берудіңізге тілектестік білдіреміз.

М.МҰХТАРОВ,
аудан әкімі.

Б.ТӨЛЕУҚҰЛОВ,
мәслихат хатшысы.

COVID-2019: мезгіл мәселесі

КАРАНТИН ТАЛАПТАРЫ ЖЕҢІЛДЕТІЛЕДІ

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжановтың төрағалығымен ҚР аумағында коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі ведомстваралық комиссияның (ВАК) отырысы өтті.

Премьер-Министрдің тапсырмасы бойынша эпидемиологиялық жағдайдың тұрақтануына байланысты ВАК карантиндік режимді жеңілдету

шілердің “жасыл мәртебесі” (вакцинацияланғандар, 7 күннен кем емес теріс нәтижесі бар ПТР тестінің бо-

ның жұмыс уақыты 24.00-ден 02.00-ге дейін ұзартылды.

Бұл ретте эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, Алматы қаласында карантиндік шаралардың жеңілдетілуін а. ж. 4 қыркүйегінен бастап демалыс күндері, ал жұмыс күндері а. ж. 6 қыркүйегінен бастап енгізу жоспарлануда.

Сондай-ақ, отырыста жана оқу жылына дайындық мәселесі қаралды.

Премьер-Министрдің орынбасары ағымдағы жылдың тамыз айының соңына дейін орындау үшін бірқатар тапсырмалар берді. Атап айтсақ,

- медициналық қарсы көрсетілімдері бар адамдарды қоспағанда, педагогтер мен техникалық персоналды вакцинациялауды аяқтау;
- санитариялық талаптарға сәйкес мектептердің толық дайындығын қамтамасыз ету;
- педагогтер, қызметкерлер және ата-аналар үшін барлық білім беру ұйымдарында “ASHYQ” жүйесінің жұмысын қамтамасыз ету;
- білім беру ұйымдарын оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен 100% қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау;
- мектептерде күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын аяқтау.

Ведомстваралық комиссия отырысында Премьер-Министрдің орынбасары өміршең мәселелер бойынша басқа да бірқатар тапсырмалар берді.

COVID-19 таралуына жол бермеу жөніндегі ВАК.



бойынша бірқатар шешімдерді мақұлдады.

1. Ағымдағы жылдың 28 тамызынан бастап рұқсат беріледі:

- “ASHYQ” жобасына қатысты барлық бизнес объектілерінің демалыс күндері сағат 24.00-ге дейін, “ASHYQ” жобасының көшбасшылары - “ASHYQ” қосымшасы арқылы расталған қызметкерлер мен келу-

луы) болған жағдайда сағат 02.00-ге дейін;

- сенбі күні - қоғамдық көлік қызметіне.

2. Ағымдағы жылдың 30 тамызынан бастап жұмыс күндері:

- “ASHYQ” жобасына қатысты барлық бизнес объектілерінің жұмыс уақыты 22.00-ден 24.00-ге дейін, “ASHYQ” жобасы көшбасшылары-

COVID-2019: Сақтық шаралары

АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Аудан аумағында коронавирус инфекциясын таратпау және алдын алу мақсатында енгізілген карантиндік шараларды сақтау үшін 23 адамнан құралған 2 мобильді топ бүгінде өз жұмыстарын атқаруда. 2021 жылдың 31 шілде күні 2 аудан арасында ратация жүргізу жұмыстары бойынша ауданымызға Ақтоғай ауданынан мобильдік топ мүшелері келіп, тексеріс жүргізген болатын. Сондай-ақ, ағымдағы жылдың 14 тамыз күні Жаңаарқа ауданынан мобильдік топ келіп, өз жұмыстарын атқарды. Бұл азаматтарымыздың қауіпсіздігі үшін аса маңызды шара деп түсінугіміз керек. Кейінгі кезде ұзаққа созылған карантин шектеулері,

күнделікті тәулік бойы түрлі бұқаралық ақпарат көздері арқылы таралып жатқан сақтық, ескерту шаралары көп азаматтар үшін үйреншікті жәйтке айналып кеткендей. Ол есіресе, елден жасырын той ұйымдастырып, сақтық шараларын қолданбастан топтық жиналыстар өткізіп жатқан азаматтарымыздан анық байқалады. Сонымен бірге, ауданымыздағы кейбір дүкендер мен сауда орындарында санитарлық талаптардың бұзылу фактілері көрініс беруде.

Қадірменді аудан тұрғындары!

Төрткүл әлем жұртшылығы тосыннан келген инфекциялық індетке селқостық танытпау керек екендігін жақсы түсініп, күллі

адамзатқа дабыл қағуда. Қаз дауысты Қазыбек би бабамыз «Бір адамның беделі - мың адамның мерейі», бір адамның есірі - мыңға тиер кесірі» деген екен. Коронавирус инфекциясының таралуының алдын алудағы басты тосқауыл әр адамның сақтық шараларын сақтап, көпшіліктен оқшаулануы. Жақындарымыз бен ауылдас ағайын, жұртымыздың қауіпсіздігіне көңіл бөліп, көпшілік жерлерден, топ болу жиналудан мүмкіндігінше бас тартсақ, біз бұл індетті бірге жеңіп шығамыз. Өзіңізге және жақындарыңызға жанашыр болыңыз!

Аудан әкімдігінің баспасөз қызметі.

ЖЫЛ СОҢЫНА ДЕЙІН 2 МЛН. ДОЗА ВАКЦИНА ӨНДІРІЛМЕКШІ

QazVac - вирустың дельта штамына да қарсы күресте өзге вакциналармен салыстырғанда бірқатар артықшылыққа ие. Отандық ғалымдардың зерттеуіне негізделген препарат адам ағзасында иммунитеттің гуморальді және Т-жасушалы түрлерін қалыптастырады.

Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми зерттеу институтына арнайы барған «Ел үшін егілемін» азаматтық штабының өкілдері отандық вакцина өндірісімен танысты. Нысан жыл соңына дейін 2 млн. доза вакцина өндіруді көздеп отыр.

Жамбыл облысындағы Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми зерттеу институты жанынан құрылған «ОтарБиоФарм» зауыты өндіріс қуатын арттырады.

Қазіргі таңда отандық QazVac вакцинасының екі компонентімен 300 мыңнан астам тұрғын екпе алған.

«Ел үшін егілемін» азаматтық штабының өкілдері зауыттың мүмкіндіктерімен танысты. Мамандар нысан жылына 60 млн. доза вакцина өндіруге қауқарлы екенін айтады.

COVID-2019: Әлем жаңалықтары

ӘЛЕМ ЕЛДЕРІ ІНДЕТПЕН ҚАЛАЙ КҮРЕСУДЕ?

Египет коронавирустың төртінші толқынының басталғанын жариялады. Президент кеңесшісі Мухаммад Таг әд-Диннің айтуынша, жаңа пациенттердің көпшілігінің жағдайы жеңіл және орташа, бірақ жағдайлардың көбеюімен ауруханаға жатқызу қажеттілігі артады. Ол билік азаматтарға көпшілік жиындар мен концерттерге бармауды ескерткенін атап өтті.

Жаңа Зеландия парламенті карантинге байланысты жұмысын тоқтатты. Елдің премьер-министрі Джасинда Ардерннің айтуынша, министрлер парламент комиссияларының алдында виртуалды есеп бере алады. Ол сонымен

қатар, локдаун кезінде адамдар үйлерінен шықпауы керекін, оларға күніне бір рет таза ауаға шығуға рұқсат етілгенін жеткізді.

Қытайда алғаш рет бір ай бойы ел ішінде коронавирустық инфекция анықталған жоқ. Бұл туралы ҚХР гигиена және денсаулық сақтау жөніндегі мемлекеттік комитетінің мәлімдемесінде айтылған. Құжатта нақтыланғандай, өткен тәулікте инфекцияның 21 жаңа жағдайы тіркелді, жұқтырғандардың барлығы шетелден келген.

COVID-19 таралуына жол бермеу жөніндегі ВАК.

ІНДЕТ ЖҰҚТЫРУДЫҢ БАСЫМ КӨПШІЛІГІ - ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАР

СҚО санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мамандары эпидемиологиялық тексеру жүргізіп, тамыз айында облыстың сырқаттанған тұрғындарының жартысы сауда объектілерінде коронавирус жұқтырғанын анықтады.

Науқастардың шамамен 25%-ы ауруды үйде және жұмыс орнындағы қарым-қатынастан, 15%-ы қоғамдық көлікпен байланыстырады.

Ауырғандардың 10%-ы өздерінің індет жұқтыруын банктерге, ХҚКО-ға, бұқаралық және отбасылық іс-шараларға, спорт объектілері мен қоғамдық тамақтануға, балабақшаларға, медициналық мекемелерге, моншалар мен сауналарға баруымен байланыстырады.

Сонымен қатар, облыста мониторингтік топтар шектеу шараларын бұзушыларды анықтауды жалғастыруда. Тамыз айының өткен кезеңінде облыс аумағында

мониторингтік топтар 1616 нысанды қамтып, 185 рейд жүргізді. 2,5 млн. тенге 43 тұлғаға айыппұл салынды. Сондай-ақ, үй карантині режимін бұзған адамдарды жауапкершілікке тарту бойынша жұмыс жалғасуда. «ASHYQ» қосымшасын қолданатын нысандарға кіруге тырысқан 14 адам жауапқа тартылған.

СҚО эпидемиологиялық жағдайды бағалау матрицасына сәйкес бір айдан астам уақыт «қызыл» аймақта, бұл ретте сырқаттанушылықтың апталық көрсеткіші «қою қызыл» аймаққа сәйкес келеді. Егер төсек-орын қоры көрсеткіші 70%-дан асатын болса, онда барлық қызмет салаларына толық локдаун енгізіледі.

Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті.

COVID-2019: Эпидемиологиялық жағдай

2021 ЖЫЛҒЫ 26 ТАМЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАН ӨНІРЛЕРІНДЕГІ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛДЫ БАҒАЛАУ МАТРИЦАСЫ

«Қызыл» аймақта: Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Манғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстары.

«Жасыл» аймақта: Түркістан облысы.

CORONA | VIRUS2020KZ

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ 2021-2022



1 бөлім



2021-2022 оқу жылы дәстүрлі форматта басталады. Балалар бұрынғыдай мектептерде оқиды



1 қыркүйекте санитарлық нормаларды ескеріп, тек бірінші сынып оқушылары үшін офлайн форматта салтанатты жиын өтеді



Балаларға «Әліппе» және «Букварь» табысталады



Екінші сыныптан бастап 11 сыныпқа дейін оқушылар үшін кабинеттерде сынып сағаттары ұйымдастырылады. Оқу 2 қыркүйектен басталады

Дереккөз: ҚР БҒМ

@coronavirus2020_kz

CORONA | VIRUS2020KZ

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ 2021-2022



2 бөлім



Биыл қолданыстағы карантиндік шектеулерге байланысты мектеп формасын кию міндетті емес. Оқушылар мектепке классикалық стильдегі киіммен бара алады



Мектепке кірген кезде педагогтер, қызметкерлер Ashyq қосымшасы арқылы QR-кодты сканерлеуге тиіс. Ата-аналар балаларын мектеп есігіне дейін әкеле алады



Сынып басқа кабинеттерге ауыспай, бір кабинетте оқиды



Үзіліске шығу және асханаға бару уақыты әртүрлі сыныптар үшін жекелей белгіленетін болады

Дереккөз: ҚР БҒМ

@coronavirus2020_kz



Депутаттар ел арасында

МӘЖІЛІС ДЕПУТАТЫ АУДАНЫМЫЗДА БОЛДЫ

Жуырда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Nur Otan» фракциясының мүшесі Адамбеков Тілек-

жиында мәжіліс депутаты жастардың бірқатар сауалдарына нақты жауап беріп, кейбір мәселелер түйіні кездесу уақытын-



тес Серікбайұлы ауданымызда жұмыс сапарымен болды. Халық қалаулысы Қарағанды облысына жоспарланған іс-сапары аясында шежірелі өлкеміз Шет ауданына келіп, «Nur Otan» фракциясының мүшелерімен жиын өткізді. Сондай-ақ (елдегі карантин талаптарын сақтай отыра) ауданымыздың әр саласында қызмет жасап жүрген белсенді жастармен кездесу өткізді.

Кездесу барысында, жастар тарапынан «Дипломмен ауылға» бағдарламасындағы мамандықтар арнасын кеңейту, «Болашақ» бағдарламасымен оқуға түсу, аудандағы жастар саясатын жүзеге асырушы ұжымның жалақысын көтеру, республикалық маңыздағы «Нұр-сұлтан-Алматы» тас жолы бойына бизнес нысандарын салу бойынша мәселелер көтеріліп, талқыға салынды. Айта кету керек, емін-еркін сұхбаттасу форматында өткен

да шешімін тапты. Сонымен қатар, Тілектес Серікбайұлы ауданымыздың аумағымен өтетін «Нұрсұлтан-Алматы» республикалық тас жолына жөндеу жұмыстарын жүргізіп жатқан «SINE MIDAS STROY» ЖШС-нің жұмысын көріп, ондағы жұмысшылардың жағдайымен де танысты. Атап айтқанда, жұмысшылардың айлық жалақысын уақытылы беру, еңбек шартына өзгертулер енгізу және барлық қағаздар мен құжаттарды мемлекеттік тілде жазу бойынша тапсырмалар берді. Алдағы уақыттарда аталған тапсырмалардың орындалу барысын қадағалау мақсатында ауданымызға іс-сапар барысымен қайта келетінін жеткізді.

Өз тілшімізден.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

Тәуелсіздіктің құқықтық негіздері

КОНСТИТУЦИЯ - ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ АЙҒАҒЫ



А.АБДЫКАМАЛОВ,
Шет аудандық сотының
төрағасы.

мызда бүкіл адамзаттық құндылықтар мен өркениеттік игіліктердің барлығы қамтылғанын айғақтайды. Кез келген мемлекеттің, елдің тәуелсіздігін, демократиялық



құндылықтарын айқындайтын негізгі құжат - Конституция.

Конституция қабылдау арқылы Қазақстан жаңа дәуірге қадам басты.

Өлемдік сахнада Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырды. Ал, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп айқындалды және барша халықтың

мүддесіне қызмет ететін мемлекет туралы, бүкіл әлемге белгілі әрі құрметтелетін тәуелсіз ел туралы армандарының осы заманғы құқықтық түсініктерін бейнелейді. Айта кетейік, адамның өмірі, оның құқықтары, саяси реформа, қазіргі сот жүйесі жөнінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында ерекше мән беріп, кеңінен тоқталып өткен болатын.

Ата Заңымызды бұлжытпай орындаудың нәтижесінде Отанымыздың бірлігі нығайып, елдегі тұрақтылық пен татулық орнықты.

Конституцияда Республика қызметінің түбегейлі принциптері ретінде қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу белгіленді.

Өркендеп дамуымыздың басты құжатына айналған, бүкіл халық болып қабылдаған Ата Заңды құрметтеу біздің міндетіміз, әрі парызымыз.

Біздің басты құндылықтарымыз Тәуелсіздігіміз, Келісім мен Бірлігіміз нығая берсін, әр шаңыраққа құт береке, ырыс пен ынтымақ тілеймін. Ел іргесі аман, келешегіміз кемел болсын!

Қайырымды істер марафоны

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

АРЗАН БАҒАҒА ШӨП ЖЕТКІЗІЛІП, ТЕГІН ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТІЛДІ

Індет басталғаннан бері әкімдіктер мен кәсіпкерлер, жеке азаматтар тарапынан

мұқтаж жандарға көмектер жасалды. Осындай қиын шақта қол ұшын беріп, бірлік танытқан азаматтарға елдің алғысы шексіз. Жас азаматтардан бастап, тіпті зейнет-

керлер де қарап отырған зейнетақысынан қаржы жинап, қайырымдылық шараның кең қанат жайуына атсалысты.

Қайырымдылықтың ең абзалы - мұқтаж жандардың қажетін өтеу. Жуырда Ақсу-

Аюлы ауылдық округі әкімдігінің ұйымдастыруымен аз қамтылған отбасылардың үйлері маңындағы күл-қоқыстар сыртқа тегін шығарылды.

Сонымен қатар, округ әкімдігі 5 отбасыға арзан бағамен шөп жеткіздіріп берді. Престелген шөптің әрқайсысы 600 тенгеден болса, оны жеткізуші Қызылқой ауылының шаруа қожалығынан Қазанғапов Рауан атты азамат.

Жалпы қазақ халқы қайырымдылықты қастерлі ұғым санаған, оған әрдайым ерекше назар аударған. Бір сөзбен айтқанда қанымызда бар қасиет. Халқымыз «Батамен ел көгереді» - дейді. Көмекке мұқтаж жандардың айтқан алғысы осы шараны ұйымдастырып отырған ауыл әкімдігінің, азаматтардың тірлігіне береке сыйларына сенімдіміз.

Бұндай қайырымдылық істер алдағы уақытта да өз жалғасын таба бермек.

Өз тілшімізден.



Жылдың басында Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығын атап өту аясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен ұйымдастырылған «Қайырымды істер марафоны» аясында еліміздің барлық өңірлерінде қайырымдылық іс-шаралары жүзеге аса бастады.

Еске сала кетейік, 2020 жыл - Волонтерлік жылы деп жарияланып, ол барша қазақстандықтарды қайырымды істер аясында біріктірген болатын. Бұл шара өз нәтижесін де берді. Ауданымызда да бұл бағытта жұмыстар жүргізіліп, әсіресе өлемді жайлаған індет кезінде нақты көрініс тапты.

КАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

 Тәуелсіздіктің құқықтық
негіздері

С.СӘКЕНОВ,
Шет ауданының №2
аудандық сотының төрағасы.

Кез келген мемлекеттің, елдің тәуелсіздігін, демократиялық құндылықтарын айқындайтын негізгі құжат - Конституция. Еліміздің Ата заңы халқымыздың дербес ел болуды армандаған, мүддесін заң тілінде айшықтаған, жер шарына, адамзат ғаламына «Қазақстан» деген мемлекет бар екенін паш еткен ерекше құжат. Онда мемлекеттің барлық құрылымдарының, жеке азаматтардың, ұлт пен ұлыстардың, әлеуметтік топтардың мақсаттары, міндеттері, құқықтары көрсетіледі. Қазақстан Республикасы-

АТА ЗАҢ - ЕЛДІГІМІЗДІҢ ЕҢСЕСІ

ның Конституциясы - мемлекетіміздің іргесін нығайтудағы қарышты қадамдардың қалыптасуы мен жаңа жүйенің орнығуына, саясат сахнасында Қазақстан Республикасының қанат жаюы жолындағы бірден-бір бастаушы заң, серпінді сенім, әділет жолын көрсетер айшықты құжат. 1995 жылдың 30 тамызында қазіргі Негізгі Заң - Конституция қабылданды. Аталған Конституция қабылданғанға дейінгі мерзім ішінде қазақ қоғамында конституциялық идеялар «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысында» көрініс тапқан. Бұл қазақ хандығы құрылысының саяси-әкімшілік, әскери рухани және сот істері жөніндегі негізгі заң сипатындағы төрт тұғыр екендігі байқалады.

Конституция мемлекетіміздің тарихи дамуының негізгі ретінде ғана танылып қоймай, ол барлық заңдардың бастауы болып табылады.

Еліміздің осы негізгі Заңы уақыт сынынан сүрінбей өтті. Оның негізгі

қағидалары барлық халықаралық стандарттарға сай келіп, қоғам мен мемлекетті дамытудың осы кезеңдердегі ең жетілдірілген үрдістерімен үйлесім тапты. Мемлекеттің тәуелсіздігін нығайту және экономикалық реформаларды жүргізудің басты құралына айналған бұл Ата Заң адамдардың барлық азаматтық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ете отырып, олардың өздерінің мемлекеттің сенімді қорғауында екенін терең сезінулеріне жағдай туғызды. Осы арқылы қазір бүкіл қылмыстық-құқықтық саясатты ізгілендіру үрдісі де жүзеге асырылуда.

Біздің міндетіміз Қазақстан Тәуелсіздігінің тірегіне айналған Конституцияны қатаң ұстану. Басты талап - Ата Заңымыз, Конституцияны құрметтеп қорғау, оның маныздылығын жоғалтпай сақтау республикамыздың әрбір азаматының міндеті мен парызы болуы тиіс. Ата Заңымыз жарқын болашаққа апаратын айқын жолымыз, арқа сүйер асқар тауымыз, ардағымыз, айбарымыз.

Азамат ажары

А.ЖОЛШОРИНОВ ЖОЛЫ: ТЕМІРЖОЛ СТАНЦИЯСЫНАН ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМЫНА ДЕЙІН...

Жолшоринов Айтмағанбет Жидебайұлы 1957 жылы 7 шілдеде Кара-

зымына дейін өрледі. Ол 40 жылға жуық уақыт бойы қауіпті инфек-

серу субъектілері мен объектілерінің бірыңғай реестрі» жасалуда. Бұл түрлі нысандардың қызметін ашық әрі жариялы түрде бақылауға мүмкіндік береді.

Айтмағанбет Жидебайұлы 115 ғылыми мақала, 30-дан астам ғылыми-әдістемелік нұсқаулықтың, 4 монографияның авторы. Медицина ғылымдарының кандидаты.

Қазақстан Республикасының санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қосқан еңбегі үшін Айтмағанбет Жидебайұлы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл», «Астанаға 20 жыл», «Қазақстан Конституциясына 25 жыл» медальдарымен марапатталған. Айтмағанбет Жидебайұлының жоғары кәсіби біліктілігін «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» және «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгілері, министрлік пен салалық комитеттің құрмет грамоталары да айғақтайды.

Айтмағанбет Жолшориновке өмір бойына санитариялық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдастырушысының ең жоғары категориясы берілген. 2019 жылы еңбек жолындағы аса жоғары табыстары үшін «Еңбек ардагері» медалімен наградталды.

Қазіргі таңда сала ардагері құрметті еңбек демалысына шыққан. Алайда, Айтмағанбет Жолшориновтың кәсіби біліктілігі мен баға жетпес тәжірибесі әлемдік пандемия жағдайында аса өзекті. Сол себепті сала ардагері келісімшарт аясында кейінгі буынға үлгі көрсетіп, әлі де еңбектен қол үзбей келе жатыр.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті мамандарының атынан ғибратты ғұмырымен, ерен еңбегімен, кәсіби біліктілігімен дараланған Айтмағанбет Жидебайұлына зор денсаулық тілейміз!

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті.



ғанды облысының Жарық станциясында теміржолшы отбасында дүниеге келген. Медицина майталманы, әрі заңгер мамандықтарын игерген.

Ол еңбек жолын 17 жасында 1974 жылы туған өлкесі Жарық станциясында теміржол монтері болып бастады. 1975 жылы Қарағанды мемлекеттік медициналық институтына оқуға түсіп, оны тәмамдаған соң 1981-1983 жылдары Қарағанды облысының Шет ауданында дәрігер-эпидемиолог ретінде еңбекке араласты. Осы жылдары жас маман халық денсаулығын сақтауға бар жігерін жұмсап, өңірдегі бруцеллез бен туберкулездің таралуына қарсы түбегейлі жана әдіс-тәсілдер ойлап тапты. Ерен еңбегімен дараланған жас маманды басшылық 1984 жылы Жезқазған облыстық санитариялық-эпидемиологиялық станциясына ауыстырады.

1984-2012 жылдар аралығында Айтмағанбет Жидебайұлы қатардағы маманнан басқарма басшысы лауа-

зиялық аурулармен күрестің алдыңғы шебінде тер төкті.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы басшысының бұйрығы бойынша А.Жолшоринов 2010-2015 жылдары инфекциялық аурулар бойынша Қазақстан Республикасынан ұсынылған халықаралық сарапшы қызметін абыроймен атқарып, әлем ғалымдарымен тәжірибе алмасты.

2014-2017 жылдары тұтынушылар құқығын қорғау және қоғамдық денсаулықты сақтауды мақсат еткен республикалық мемлекеттік мекемелерде басшылық қызметтер атқарды. 2017 жылдан бастап ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулықты қорғау комитетінде еңбек етіп, саладағы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жаңа деңгейге шығарды. Ол қоғам денсаулығына төнуі ықтимал қауіпті нақты бағалау жүйесін әзірлеп, нысандарды тексерудің жана әдісін қалыптастырды. Оның бастамасымен өңірлік департаменттерде «Тек-

Цифрлы Қазақстан

ҚОҒАМ ӨМІРІНЕ ОҢ ӘСЕРІН ТІГІЗУДЕ

XXI ғасыр - инновация, цифрландандыру заманы. Демек, әлемдік даму додасында ойы озықтар, озады, жұтылмайды, әлемдік бәсекелестікке төтеп бере алады. Бұл технологияны меңгергендердің сөзі өтімді, ал ісі өнімді болмақ. Бүгінгі таңдағы техникалық һәм технологиялық төңкеріс ақпараттық технологияны дамытпайынша жетістік жоқ екенін көрсетті. Өнер-білім бар жұрттар бәсекелестіктің осы бір негізгі талабына сай қыруар жұмыстарды бастап кеткен. Менеджмент саласында бәсекелестікке мынадай анықтама береді: бір орында тұрып қалсаң, он қадам кейін кеткенің. Сондықтан бәсекеге қабілетті болсаң, талабын орындау басты міндет. Онсыз өсіп, өркендеу жоқ. Мәселен цифрлы технологияны жетік меңгерген мемлекеттердің көшбасында тұрған Жапония, Қытай 3D принтер арқылы 3 сағатта 2 қабатты үй соғып, әр түрлі табиғи зілзалаға төтеп беретінін сүйіншілеп хабарлады. Бұл деген адам ғана атқара алатын аса ауыр жұмыстарды робот алмастыратынын көрсетуде. Ендеше цифрандыру - ең әуелі адам өмірін жақсарту, екіншіден да-

мудың қарқынын екі есе жылдамдатуға септігін тигізбек. Тұңғыш Президент - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты халыққа Жолдауында әлемдік дамудағы сын-қатерге қарсы соққы ретінде «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын ұсынды. Сонымен қатар, аталмыш бағдарламаның дамуы үшін арнайы 5 бағыты мен даму кезеңдерін атап көрсеткен болатын. Бірінші бағыт: «Экономика салаларын цифрландыру» - алға бастайтын технологияларды және еңбек өнімділігін арттырып, капиталдандырудың өсуіне бастайтын мүмкіндіктерді қолдана отырып, ҚР экономикасының дәстүрлі салаларын қайту құру. Екінші бағыт: «Цифрлық мемлекетке өту» - халық пен бизнеске олардың қажеттіліктерін алдын ала болжай отырып, қызметтер көрсету үшін мемлекеттің инфрақұрылымын қайта құру. Үшінші бағыт: «Цифрлық Жібек жолын іске асыру» - деректерді беру, сақтау және өндеудің жоғары жылдамдықтағы және қорғалған инфрақұрылымын дамыту. Төртінші бағыт: «Адами капи-

талды дамыту» - креативтік қоғам құруды және жаңа реалитар - білімдер экономикасына өтуді қамтитын түрлендірулер. Бесінші бағыт: «Инновациялық эжожүйені құру» - бизнес, ғылым саласы және мемлекет арасында берік байланысы бар технологиялық кәсіпкерлікті дамыту, сондай-ақ, инновацияларды енгізу үшін жағдай жасау. Аталмыш бағыттар іске асқан жағ-

қамтылуын қамтамасыз етуді, білім және денсаулық сапасын, сондай-ақ, инвестициялық ахуалды жақсартуды, еңбек өнімділігі мен ІЖӨ құрылымында кіші және орта бизнесердің үлесін арттыруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде 2018 жылы бастау алған бұл бағдарлама өз жемістерін беріп келеді.

Цифрландыру сөзінің мағынасы біз ойлағаннан ауқымды-

бірыңғай тізілімін енгізу арқылы көптеген бармақ басты көз қысты әрекеттердің алдын алуға жол ашты. Біріншіден, ашықтық, екіншіден, кейбір адами фактілердің орын алуына жол берілмеді. Яғни, заң жүзінде ешқандай коррупцияны да болдырмайды. Себебі бәрі ашық, бәрі бір базада.

Былтұрдан бері әлемге дүрбелең салған жаман індет еліміздің көптеген саласына соққы тигізді. Әсіресе, онлайн жүйеге ауысқанда халықтың қозғалысына шектелу қойылғанда цифрландырудың өте керек, әрі қоғамның ажырамас бөлігі екенін көрсетті. Білім беру саласы, халыққа қызмет көрсету саласы, медицина, тамақтандыру сияқты негізгі, үзіліссіз жұмыс істейтін салаларға көптеген жеңілдіктер алып келді. Онлайн оқу арқылы білім алушылар біріншіден уақытын үнемдейді, адами ресурстарды, ақпараттың қолжетімді болуы арқылы көптеген салада ұтымдылық көрсетті. Оған көзіміз жетіп отыр.

Алайда өзге елдер 10 жыл бұрын еркін менгерген бұл саланың бізде кенжелеп қалғанын көрсетті. Демек, өз мінімізді түзеуге, ақсап тұрған тұсымызды түзетуге мүмкіндік берді.



Цифрлы Қазақстан

⇨4-ші беттен.

Сонымен қатар, «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасының жемісі деп айтса артық болмас, Egov жүйесінің іске қосылуы елімізде көптеген саланы жеңілдетті. Ең бастысы алтыннан қымбат уақыт үнемделді, бюрократиялық жүйеден арылтты. Мәселен, бұрын жеке

кәсібінді тіркеу үшін 1 ай бойы жүгірсең, қазір бір сағаттың ішінде тіркей аласың. Ал, керек бір анықтама алу үшін әр түрлі мекеменің табалдырығын тоздырып, оған жарнасын төлеп, кезекте тұрып жүретінбіз, қазір онлайн арқылы бәрін тегін, жылдам, ешқайда шықпай-ақ, қол жеткізе аласың. Иә, осы портал арқы-

лы 335 қызметке қол жеткізе аласың. Бұрын қол жетпейтін қиялға айналған дүниелер өңге айналуы - осы бағдарламаның жемісі десек артық емес. Сонымен цифрландыру - қағазбастылықтан электронды нұсқаға көшу ғана емес. Бұл цифрландырудың азғантай бір бөлшегі ғана. Негізгі мақсаты - қоғамның барлық саласында

адам өмірін жоғары технология арқылы жеңілдету.

Цифрлық технология қоғам өміріне әсерін молынан тигізуде. Соның нәтижесінде денсаулық сақтау мен білім беру, қала тіршілігі, жалпы адамның күнделікті өмірі айтарлықтай өзгеріп, жаңа сипатқа ие болуда. Соған қарай коммуникациялар мен ақпараттық жүйе-

лерге және көрсетілетін қызметтерге жаңа талаптар қойылуда.

С.БАЙБОСЫНОВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті жанындағы мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының мүшесі.

Заң баршаға ортақ

ӘСКЕРИ ОРТАДА ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН-АЛУ

Ертенгі күніміз кешегі өткен сәтпен, бүгінгі жасап жатқан ісімізбен тығыз байланысты. Айтарлықтай еліміздің болашағы, тыныштығы - Отан алдындағы әр атқа мінер азамат пен азаматшалардың қасиетті борышы мен негізгі міндеті. Ұлы қазақ жерін, Қазақстан елін сан ғасырлар бойы ата-бабамыздың қорғаған шекарасы, тау-тасы, кең байтақ өлкесі өскелең ұрпаққа баға

жетпес мұра. Қанымыз тамған, теріміз сіңген Алтайдан Атырауға дейінгі Алаш елі, Сарыарқасы басымызға бұйырған бақ.

Ендігі кезекте еліміздің көк туын биікке желбірету бізге, яғни Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі құрамындағы әрбір әскери қызметші алдындағы міндет.

Осы күні Қарағанды өңірлік гарнизоны Әскери полиция басқармасының

Анықтау және іздестіру бөлімінің аға офицерлерімен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлімінің бастығымен, Қарағанды гарнизонында орналасқан әскери бөлімдер мен мекемелердегі барлық санаттағы әскери қызметшілердің тарапынан қылмыстық (ҚР Қылмыстық Кодексінің 18-тарауы), әкімшілік құқықбұзушылықтар жасамау және тәртіптік жазаға бой алдырмау мақсатында, бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кетпеу және «Сыбайлас жемқорлық - бұл тек жүйені ғана емес, кез-

келген мемлекеттің негізін жоюшы факторлардың бірі» тақырыбында күнделікті алдын-алу, ескерту, жолын кесу іс-шаралары ұйымдастырылуда. Аталған жұмыстардың басты мақсаты, әскери қызметшілердің Отан қорғау алдында дұрыс жолдан тайынбауына өз үлесімізді тигізу, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың әскери ортада тамыр жайғандағы зардабының қандай ауқымда болатыны туралы жеткізу.

Мақаламызды Бауыржан Момышұлы атамыздың сөзімен қорытындылайтын

болсақ, «Ерлік - табиғат сыйы емес, саналы әскери тәрбиенің жемісі, Отан алдындағы қасиетті парызыңды орындау үшін адамзаттың ең асыл сезімімен жігерленіп, өзінді саналы түрде қауіп-қатерге бас тигуге мәжбүр етудің нәтижесі».

Ж.ҚАЙДАРҰЛЫ,
әділет подполковнигі.
Б.МАМАНОВ,
әділет аға лейтенанты.
Қарағанды өңірлік гарнизоны Әскери полиция басқармасының офицерлері.

Тағзым

АРҚАНЫҢ АБЫРОЙЛЫ АЗАМАТЫ ЕДІ

Арқаның абыройлы азаматтарының бірі, Жаңаарқаның тумасы, саналы ғұмырын Шет өңірінде өткізген замандасымыз, әріптесіміз Рақымжан Рәшитұлының адамзат баласының басына түскен ауыр індеттен бақилық мәңгілік мекеніне орналасқанына да 40 күннің жүзі болды.

Өмірге 7 пайыз өкелген Рәшит әкеміз бен Әлиман анамыздың отбасында Рақымжан тұңғышы. Ол аудан орталығы Атасу кентінде 1947 жылы ақпан айының 12 жұлдызында дүниеге келген. 1965 жылы бұрынғы «күн көсемі», қазіргі Оразалы Жұмабеков атындағы орта мектепті бітіреді. Бұл кезек мектеп бітірушілерді комсомол жастарды шопаңдар бригадасына ұрандата шақырып жатқан кез болатын. Рақымжан осы науқанға ілігіп, екі жылдай қой бағады.

Отбасындағы әке-асқар тау, ана бауырындағы бұлақ, бала-жағасындағы құрақ, дейді ғой халқымыз. Рақымжан есейіп ер жетіп, орта мектепті аяқтауға жақындағанда ұстаз әкесі «Балам сен мал маманы зоотехниктік оқуына түссең» - дейді. Қазіргі жұмыс әке аманатын орындауға таяу қалғандай еді. Алайда, Рақымжанның әрі қарай өмір жолы басқа бағытқа ауысты. Армия қатарынан келген соң Қарағанды кооперативтік институтына түсіп, оны 1973 жылы үздік тамамдап, еңбек жолын жаңадан құрылған Жезқазған облысының Ақдәуір ауданында сауда саласының қатардағы қызметкерінен бастайды.

«Ұстазы жақсының - ұстамы жақсы» дегендей, әкеден балаға берілген тәлім-тәрбие бекерге кеткен жоқ. Рақымжан өмір жолында тиянақтылығы мен ұстамдылығын көрсете білді. Біраз уақыт ауданда сауда бөлімшесінің менгерушісі болып, көп ұзамай тұтынушылар одағының (РайПО) төрағасының бірінші орынбасары қызметін атқарады.



Еңбек жолында өсіп, өркендеуіне сол кездегі аудан басшылары И.Колбасин, Қ.Медиев, А.Смағұлов, Д.Нұрқеев, А.Туғанбаев, Т.Армиянов, С.Жаппаров сынды ағалардың қолдауы мен қамқорлығын көріп, бірге қызмет жасады.

1988 жылы Рақымжан Рәшитұлы Шет ауданының сауда саласына ауысып, төрағаның орынбасары, кейіннен басшысы болып өзіне таныс қызметін жалғастырады. Осы кезеңнен бастап, осы жолдардың авторы Рақымжанмен өмірінің соңына дейін еңбек жолында, тұрмыс-тіршілікте бірге болып, сыйластықта өмір кешті.

90 жылдардың басында Кеңес өкіметі құлап, халық тіршілігі тығырыққа тіреліп, дүкен сөрелері бос қалған кезде жұртшылықтың сұрауын тауып, қызмет көрсету сауда саласының басшыларына нағыз қатал сынақ болғанын білеміз. Рақымжан бұл ауыр кезеңде де өзіне тән адам болмысымен, төзімділігі мен сабырлығының арқасында аз нәрсені (тауар) айқай-шусыз тұтынушыларға жеткізуде өзінің іскерлігін көрсетті.

1997-2005 жылдары Рақымжан Шет ауданы әкімінің экономика жөніндегі орынбасары болып аудан әкімі Кәкімжан Сарханов-

тың басшылығымен саланың күрмеуі қиын мәселелерді шешуде өзінің білімі мен біліктілігін көрсетіп, абыройлы қызмет атқарды. Әрі қарай еңбек жолы 2005-2012 жылдары аудандық Мәслихаттың хатшысы лауазымында жалғасты.

Тәуелсіздіктің осы бір күрделі кезеңінде әріптесім Рақымжан Рәшитұлы жұмысқа деген жауапкершілігі мен ұйымдастыру қабілетін толықтай танытты. Ортада өте сыйлы, жүзі жарқын, парасаты мол, абыройлы азамат екенін көрсетті. Ауданның аға буын өкілдері мен зиялы қауымы Рақымжанның кісілік қасиеттерін құрметтеп, оны қатты сыйлады.

Рақымжан Рәшитұлы 2002-2012 жылдар аралығында «Нұр-Отан» саяси партиясының Шет аудандық филиалы төрағасы лауазымында болып, халық арасында ұйымның мәртебесін көтеруге бар күш-қайратын салды.

Рақаның өткен өмірінде реніші жоқ болған шығар десек те, бар еңбек жолын облыстың Ақдәуір, Шет аудандарының дамуына, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық деңгейінің көтерілуіне өзінің сүбелі үлесін қосқан абзал азаматтың дүниеден тосыннан келген ауыр індеттен осылайша өмірден өтуі өкінішті-ақ.

Аса қадірлі замандас, сыйлас Рақымжан бауырым жатқан жерін жайлы, арттағы Аллаға тапсырған аманатың жан-жарың Ақмарал, балаларың: Айназар, Айгүл, Айбек, Аида жасамаған жа-сыңды жасап, көрмеген қызығыңды көріп, оларға ұзақ шуақты өмір берсін.

40 күндікке арналған ас, оқылған құран қабыл болсын.

Боранбай ЖҰМКИН,
Шет ауданының
Құрметті азаматы.

ДОСҚА САҒЫНЫШ

Дүниеге келген адамның өлшемі уақыт екеніне тағы бір көзіміз жетті. Биылғы жылғы 1 тамыз күні 71 жасқа қараған шағында Шет ауданының Құрметті азаматы, ауылшаруашылығы саласының Құрметті ардагері Әбеуов Төлепберген Әбеуұлы дүниеден озды.

Шет өңірінің елі қатты қайғырып, кимас жанды ақтық сапарға шығарып салғанына да шамалы уақыт болды. «Қазақ-қаққанша» Төлепбергенмен қоштаса алмай, артында қаншама туған-туысы, дос-жараны мен әріптестері қалды. Соның бірі мен. Өкінішті-ақ. Уақыттың қалай көлбеңдерін кім білсін? Төкең заманында сыйлы, қатар жүрген, ойнап-күлген дәмдес болған жан еді.

Төлепбергеннің арғы аталары ел ортасында сөз ұстаған шешен, би болған Дербісалы батырдың ұрпағы. Анасы да текті жерден шыққан, Өлтеке-Ақбота тумасы.

Төкең еңбек жолын ауылдан бастап, аудан өңірлеріндегі ауылшаруашылығы саласына қалтқысыз еңбек етіп, сүбелі үлесін қоса білді. Жасынан еңбектің дәмін сезіп, дәнін еккен ардақты азамат, туған жері мен өскен елінің қадір-қасиетін танып, бұл күнде өмірден өткен Төлепберген Әбеуұлы туралы ой түйген, достары мен замандастарының пікірлері марқұмның болмысын аша түскендей. Шет өңірінің көркейтуіне қажыр-қайратын жұмсаған, ұрпақ таныған, еңбекқор, ұйымдастырушылық қабілеті мен ұстамды мінезі, әріптестері мен бірге еңбек еткен адамдарымен тіл табысып, сыйласып өткен қабырғалы азамат еді.

Студент кезімізден бірге жүріп, қатар қызмет істеген шақтарда ардақты бауырымыздың бітімді қасиеттерін



біле түскендей едік. Кесімді пікірін басшыларға да, басқасына да айтып тастайтын айбардан да құралақан емес еді. Төкең мен оның достары М.Ахметов, Шәйке Мараттардың үркердей ұлағатты, қабыландай алғыр, мұзжарғыш кемелердей қуатты толқынын ауық-ауық сағына-рымыз да сол.

Төлепберген замандасым қамшының сабындай ғұмырында артына айтарлықтай ісімен ізін қалдырып кетті. Аяулы досым жатқан жерін жарық болып, иманың серік болсын. Арттағы жұбайың Майраға, балаларың мен немерелеріңе Алла ұзақ өмір беріп, қуанышты қызықтары ұзағынан болсын! «Бір данышпан айтқан екен адам өлген күні өлмейді, ұрпақтары, көз көргендері ұмытқан күні өледі деп». Біз оны ұмытпаймыз. Аяулы азамат біздің жүрегімізде мәңгіге сақталады.

Х.САРСЕНБЕКОВ,
ҚР ауылшаруашылығы
саласының Құрметті
ардагері.



TELEBAĞDARLAMA 30-tamyzdan 5-qyrkúiekke deın

DAY	12:00	13:00	14:00	15:00	
DÚISENBI, 30-tamyz	14.30 «Qoslike». 18.30, 20.00, 3.00 Жаңалықтар, новости. 19.00 Т/с «Гадалка». 20.40 Т/с «Заповедный спецназ». 0.40 Т/с «Лучшие враги».	арналаған бағдарлама. 10.45 «Тарих. Тағдыр. Тұлға». 11.30 «Зәуре» т/х. 13.00 «Сырлы қала» т/х. 15.00 «Алпыстан асып барамын» т/х. 16.00, 23.30 Т/с «Братство десанта». 18.00 Х/ф «Ускорение». 20.00, 21.00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня. 20.30 «Бизнеске бағыт».	21.30 «Ата заң – тәуелсіздік тірегі», концерт. 1.15 Т/с «Семейные обстоятельства».	Qazaqstan 6.05 «Қазақ даласының құпиялары» д/ф. 6.20 «Күміс көмей». 7.00 «Сағындырған әндер-ай». Мерекелік концерт. 7.45, 14.30 М/ф. 9.00, 2.55 «Ата заң – алтын	тұғыр». 10.00, 18.00 «Ғашықтық дерті» т/х. 12.00 «Ән мен әнші». 15.50 К/ф «16 қыз». 17.40, 2.35 «Ата заңым – айбарым». 20.00 Д.Құдайбергеннің концерті. 22.30 «Жат мекен» т/х. 23.30 К/ф «Жаужүрек мың бала». 1.30 «Сана». 4.05 «Ауылдастар».
SEISENBI, 31-tamyz	11.00 «Жить здорово!» 12.00 «На самом деле». 13.00 «Пусть говорят». 14.15, 3.30 «112». 14.30 «Qoslike». 18.30, 20.00, 3.00 Жаңалықтар, новости. 19.00 Т/с «Гадалка». 20.40 Т/с «Заповедный спецназ». 0.40 Т/с «Лучшие враги».	7.00 «Таңғы хабар». 10.00 «Ән әлемі». 10.30 «Мерейлі отбасы». 10.45 «Тарих. Тағдыр. Тұлға». 11.30 «Зәуре» т/х. 13.00 «Сырлы қала» т/х. 15.00 «Бүгін». 16.00, 23.30 Т/с «Братство десанта». 18.00 Х/ф «До встречи с тобой». 20.00, 21.00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня.	20.30 «Хронограф 2021». 21.30 «Махаббат», концерт. 1.15 Т/с «Семейные обстоятельства».	Qazaqstan 6.05, 3.25 «Қазақ даласының құпиялары» д/ф. 6.20, 17.00, 20.00, 1.35 Aqparat. 7.00 «Таңшолпан». 10.00, 18.00 «Ғашықтық дерті».	12.00, 17.15 «Қызық екен». 13.00 М/ф. 14.00, 2.15 «Теледәрігер». 15.00, 3.55 «Қайсар жан». 15.20, 3.10 «Másele». 16.00, 21.30 «Замандастар» т/х. 17.00, 20.00, 1.35 Aqparat. 20.40 Д/ф. 22.30 «Жат мекен» т/х. 23.30 «Жарқын жүздесу». 0.30 «Сана».
SÁRSENBİ, 1-qyrkúiek	12.00 «На самом деле». 13.00 «Пусть говорят». 14.15, 3.30 «112». 14.30 «Qoslike». 18.30, 20.00, 3.00 Жаңалықтар, новости. 19.00 Т/с «Гадалка». 20.40 Т/с «Заповедный спецназ». 0.40 Т/с «Лучшие враги».	10.00 «Ән әлемі». 10.30 «Мерейлі отбасы». 10.45 «Тарих. Тағдыр. Тұлға». Т. Жүргенов. 11.30 «Зәуре» т/х. 13.00 «Сырлы қала» т/х. 15.00 «Бүгін». 16.00, 21.30 Т/с «Братство десанта». 18.00 Х/ф «Черные воды». 20.00, 21.00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня.	20.30 «Индустрия». 1.15 Т/с «Семейные обстоятельства».	Qazaqstan 6.05, 3.50 «Қазақ даласының құпиялары» д/ф. 6.20, 17.00, 20.00, 1.35 Aqparat. 7.00 «Таңшолпан». 10.00, 18.00 «Ғашықтық дерті» т/х.	12.00, 17.15 «Қызық екен». 13.15 М/ф. 14.00, 2.10 «Теледәрігер». 15.00 «Алтын ұя». Арнайы жоба. 15.20 «Ұстазым менің, ұстазым» концерт. 16.00, 21.30 «Замандастар» т/х. 20.35, 3.00 «Ashyq alań». 22.30 «Жат мекен» т/х. 23.30 «Жарқын жүздесу». 0.30 «Сана».
BEISENBI, 2-qyrkúiek	11.00 «Жить здорово!» 12.00 «На самом деле». 13.00 «Пусть говорят». 14.15, 3.30 «112». 14.30 «Qoslike». 18.30, 20.00, 3.00 Жаңалықтар, новости. 19.00 Т/с «Гадалка». 20.40 Т/с «Заповедный спецназ». 0.40 Т/с «Лучшие враги».	7.00 «Таңғы хабар». 10.00 «Ән әлемі». 10.30 «Мерейлі отбасы». 10.45 «Тарих. Тағдыр. Тұлға» Ә.Қастеев. 11.30 «Зәуре» т/х. 13.00 «Сырлы қала» т/х. 15.00 «Бүгін». 16.00, 23.30 Т/с «Братство десанта». 18.00 Х/ф «Особо тяжкие преступления».	20.00, 21.00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня. 20.30 «Народный контроль». 21.30 Ержан Максимнің концерті. 1.15 Т/с «Семейные обстоятельства».	Qazaqstan 6.05, 3.25 «Қазақ даласының құпиялары» д/ф. 6.25, 17.00, 20.00, 1.40 Aqparat. 7.00 «Таңшолпан».	10.00, 18.00 «Ғашықтық дерті». 12.00, 17.15 «Қызық екен». 13.15 М/ф. 14.00, 3.05 «Теледәрігер». 15.00 «Менің Qazaqstanым». 16.00, 21.30 «Замандастар» т/х. 20.35, 2.15 «Ashyq alań». 22.30 «Жат мекен» т/х. 23.30 «Жарқын жүздесу». 0.10 «Parasat maidany». 0.40 «Сана».
JUMA, 3-qyrkúiek	12.00 «На самом деле». 12.55 «Жди меня». 14.00, 2.45 «112». 14.30 «Qoslike». 18.30, 20.00, 3.15 Жаңалықтар, новости. 19.00 «Пендемиз ғой». 20.40 «Поле чудес». 22.00 Т/с «Заповедный спецназ».	10.30 «Мерейлі отбасы». 10.45 «Тарих. Тағдыр. Тұлға». Н Әбдіров. 11.30 «Зәуре». 13.00 «Сырлы қала» т/х. 15.00 «Бүгін». 16.00, 23.30 Т/с «Братство десанта». 18.00 Х/ф «Часовой механизм». 20.00, 21.00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня. 20.30 «Индетпен күрескен Қазақстан». Вакциналау тарихы.	20.45 «Как боролись с эпидемиями в Казахстане». История вакцинации. 21.30 «Уақыт» концерт. 1.15 Т/с «Семейные обстоятельства».	Qazaqstan 6.05 «Қазақ даласының құпиялары» д/ф. 6.25, 13.00, 17.00, 20.00, 1.30 Aqparat. 7.00 «Таңшолпан».	10.00, 18.00 «Ғашықтық дерті». 12.00, 17.15 «Қызық екен». 13.15 М/ф. 14.00, 2.55 «Теледәрігер». 15.00 «Тұлға». 15.30 «Тәуелсіздік тәуекелдері». 16.00, 21.30 «Замандастар» т/х. 20.35, 2.05 «Ashyq alań». 22.30 «Жат мекен» т/х. 23.30 «Жарқын жүздесу». 0.30 «Сана». 3.45 «Ғажайып өлке».
SENBI, 4-qyrkúiek	10.05 «Ералаш». 10.20 «Фабрика грез». 10.45 «Точь-в-точь». Лучшее. 13.50 Т/с «Сердце не обманет, сердце не предаст». 18.00 «Вау, Казахстан!» 18.00 «Мама, маған дауыс бер!» 20.00 «Айна». 21.30 Т/с «Разве можно мечтать о большем». 1.50 «П@утина».	Хабар 6.00 «Кел, шырқайық!». 7.45 «Өзін-өзі тану». 8.00 Т/с «Чужое гнездо». 9.00 «Таңғы fresh». 10.00 «XXI ғасыр көшбасшысы». 11.00 «Әке бақыты» т/х. 12.00 «Няня аға» т/х. 16.00, 23.30 Х/ф «Кандагар». 18.00 Х/ф «База «Клейтон»». 20.00 «Хит жазамыз».	21.00 «Жеті күн». 22.00 «Әсем әуен». 1.15 Т/с «Семейные обстоятельства».	Qazaqstan 6.05, 3.15 «Қазақ даласының құпиялары» д/ф. 6.30, 2.30 «Ғасырлар үні». 7.15 Aqparat. 7.50, 1.40 «Сырлы сахна». 8.25 «Сұлулық сыры» д/ф.	9.15 «Ауыл жұлдыздары» т/х. 10.00, 18.00 «Ғашықтық дерті» т/х. 12.00 «Әзіл әлемі». 13.40 М/ф «Шрек». 15.00 «Ән мен әнші». 20.00, 1.00 «Másele». 20.40 Qazaqstan дауысы. 22.30 «Жат мекен» т/х. 23.30 К/ф «Хатико». 2.05 «Ауылдастар».
JEKSENBI, 5-qyrkúiek	9.15 «Мама, маған дауыс бер!». 10.40 Т/с «Разве можно мечтать о большем». 15.00 «Тайны вокруг нас». 15.30 «Три аккорда» Лучшее. 18.00 Х/ф «На Луне». 20.00 «Отражение». 21.30 Т/с «Поговори со мной». 1.50 «П@утина».	7.45 «Самопознание». 8.00 Т/с «Чужое гнездо». 11.00 «Няня аға» т/х. 15.00 «Зәуре» т/х. 18.30 «Ән әлемі». 19.30 «Есш мекен». 20.30 «Мәжіліс.kz». 21.00 «Жеті күн». 22.00 «Большая неделя». 23.00 Т/с «Семейные обстоятельства».	1.30 «ProSport».	Qazaqstan 6.05, 3.55 «Қазақ даласының құпиялары» д/ф. 6.35 «Tolagai». 7.35, 2.15 «Күміс көмей». 8.25 «Сұлулық сыры» д/ф. 9.15 «Ауыл жұлдыздары» т/х. 10.00, 18.00 «Ғашықтық дерті» т/х.	12.00 «Qazaqstan дауысы». 13.40 М/ф. 16.20 К/ф «Хатико». 20.00, 1.25 «Арта». 20.50 «Жүзден жүйрік». 22.30 «Жат мекен» т/х. 23.20 К/ф «Трансформерлер. Бамблби». 3.00 «Ауылдастар». 3.25 «Parasat maidany».



Имандылық

БАУЫРМАЛДЫҚТЫ АРТТЫРАТЫН
ФАКТОРЛАР

Алла Тағала Құран Кәрімде: (Түп-түгел Алланың жібіне (дініне) жабысындар да бөлінбедер. Сондай-ақ, өздеріне Алланың берген нығметін еске алыңдар. Өйткені: Бір-біріне дұшпан едіндер, жүректерінің арасын жарастырды). Яғни, Алла тағала «бір топ, бір отбасы, бір ұлт немесе бір ел» деп айтпады. Бәлкім «Түп-түгел...» деп мұсылмандардың бөлінбейтін бір үммет екендігін меңзеді. Сондай-ақ, Хужурат сүресінің 10-аятында да ашық та айқын мұсылмандар бір-бірімен ажырамас ағайын-туыс екендігі айтылып, араларында ұрыс-керіс, дау-жанжал болмайтындығын баяндайды. Егер бола қалған жағдайда тез арада татуластырып жіберу - ең игі сауапты іс екендігі айтылған: «Шын мәнінде мүміндер туыс. Сондықтан туыстарының арасын жарастырыңдар. Және Алладан қорқыңдар. Мүмкін игілікке бөленерсіңдер», деді.

Алла елшісі де (с.ғ.с.) шынайы мұсылман қоғамын мұсылмандар арасындағы өзара бауырмашылдық сезімсіз суреттеу мүмкін емес екенін айтқан. Ибн Омар (р.а.) жеткізген хадисте: «Алла елшісі, (с.ғ.с.): «Мұсылман - мұсылманның бауыры. Нағыз мұсылман бауырына озбырлық жасамайды. Кімде-кім мұсылман бауырының қажетіне жараса, Алла Тағала да оның қажетін өтейді. Кімде-кім мұсылман бауырының қайғы-мұңын сейілтсе, Алла Тағала да оны қиямет-қайымының қайғысынан құтқарады. Сондай-ақ, кімде-кім мұсылманның айыбын жасырса, Алла Тағала да қиямет күні оның айыбын жасырады» деп айтты» делінген.

Сондай-ақ, пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бауырластықтың ең жоғары үлгісін сөзімен де, ісімен де көрсеткен. Ол меккелік және мәдиналық сахабалардың арасында екі дүниедегі теңдессіз бауырластықты орнатты. Бұл, Алла жолындағы өзара сүйіспеншілік пен өзгеге қол ұшын созып, әрдайым көмекке әзір тұру, бір-бірін жақын тартуды көрсеткен бауырластық болды. Осы уақытқа дейін де және кейін де қаншама адамзат баласына бауырластықтың ең жоғарғы ғибрат алар үлгісі болып қала бермек.

Жалпы мұсылман мен мұсылманның арасындағы бауырмалдықтың нығайуына және одан тежейтін өртүрлі рухани дерттерден адам өзін және нәпсісін сақтауға көмек беретін мына төмендегі ережелерге көңіл бөлген абзал.

1. Бауырыңды Алла үшін жақсы көру

Басқа дүниелік мақсат үшін емес тек Алла разылығы үшін жақсы көру. Егер бір мұсылманды жақсы көргенде Алланың разылығы емес, адамның биік мансабы, абыройы, байлығы себеп болса ол Алла қалаған бауырмашылыққа жатпайды.

Осыған байланысты мына хадиске назар салайық. Омар ибн әл-Хаттабтан (р.а.): «Алла Елшісі (с.ғ.с.) айтты: «Ақиқатында, Алланың құлдарының арасында бір адамдар бар, олар пайғамбарлар да, Алла жолында жан тапсырғандар да емес. Қиямет күні олардың Алла алдында алатын орнын

пайғамбарлар да, Алла жолында жан тапсырғандар да қызғанады». Сонда сахабалар: «Ей, Алланың елшісі, олардың кім екендігінен хабар бересің бе?» деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Олар - бір-бірін туыстық байланыс үшін емес, алмасатын дүние үшін емес, Алла разылығы үшін жақсы көрген адамдар. Алланың атымен ант етейін, олардың жүздерінде нұр болады, олар адамдар қорыққан кезде қорықпайтын болады, басқалар қайғырған кезде қайғырмайтын болады» деді де, мына аятты оқыды: «Біліңдер! Расында Алланың достарына қауіп-қатер жоқ, әрі олар қайғырмайды».

Сондай-ақ, мына бір хадисте Алла елшісі (с.ғ.с.) «Иман келтірмейінше Жәннатқа кірмейсіңдер, ал бір-бірінді жақсы көрмейінше иман келтірген болмайсыңдар, сондықтан сендерге, араларыңда, егер оны ұстанатын болсаңдар, сүйіспеншілік тудыратын амал үйретейін бе? Бір-біріңізге сәлем беруді көбейтіңдер» - деген. Расында, дініміз Ислам бауырмашылдықты иманмен бірге бір дәрежеге қоюы мұсылмандар арасындағы бірліктің, бауырластық қарым-қатынастың қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

2. Бауырына өшпенділік, көре алмаушылық жасамау.
Шындығында, мұсылман адам - жаны таза, қоршаған ортасына арамдығы жоқ, тіпті кешкілік төсегіне жатарда да «Я, Алла, жан баласына деген жамандық, өшпенділік және көре алмаушылық дегеннен бойымды тазарттым куә бол!» деп жататын жан.

Абу Хурайра (р.а.) жеткізген хадисте Алланың елшісі (с.ғ.с.): «Бір-біріңе көре алмаушылық пиғылда болмаңдар, бағаларды көтермендер, бір-бірінді жек көрмендер, бір-біріңе арқаларыңды қаратпаңдар, бірін-біріннің саудасының үстінен сауда жасамасын, бір-біріңе бауыр болыңдар» - деген.

Негізі көре алмаушылық адам жүрегіндегі ең қатерлі дерттерден. Көре алмаушылық - қандай да бір адамдағы артықшылықты немесе бір нығметті ол адамда жоқ болуын жүрекпен қалауы. Сонымен бірге ол Жаратушыға әділетсіз деп жала жауып, әдепсіздік жасап, Алланың ақ жолына қарсы шығады. Егер, біз жүрегімізге барлық нәрсені Алла беретіндігін, игіліктің бәрі Алланың қалауымен болатындығын мықтап орнатып, өзімізге қалағанды өзгеге қалай білсек бұл «дерттен» сауыға алады екенбіз. Ол үшін иманымызды күшейтіп, білімімізді арттырып, дұғамен қаруланған абзал. Сондай-ақ, көре алмаушылықты сыйлықпен өшіруге де болады. Хадисте «бір-біріңізмен (шынайы) қол алысыңдар, іштеріндегі кекшілдік жойылсын. Бір-біріңізге сый-сияпат жасаңдар - сүйіспеншілік артсын және араларыңдағы көре алмаушылық жойылсын» - делінген.

3. Тілге не болу.

Тіл адам дене мүшелерінің ішіндегі көлемі жағынан кіші болғанымен, оның орны мен оған жүктелген міндеті орасан үлкен болған ағза. Ата-бабаларымыз «Басқа бәле тілден», - деп бекер айтпаса керек. Шындығында,

біреу аузына арам ас алмаса да, қолымен ұрлық қылып, аяғымен қылмысқа бармаса да, тілінен шыққан бірауыз күнәлі сөзі себепті жан-тәнімен жаһаннамда күйіп-жануы әбден мүмкін. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисінде: Адам баласы ұйқыдан оянағанда бүкіл дене мүшелері тіліне қарап: «Біз үшін Құдайдан қорық. Сен түзелсең, біз де түзелеміз. Сен бұзылсаң, біз де бұзыламыз», - деп жалына бастайды екен. Әрі осы көрініс әр күні таңертең қайталанып отырады.

Алла Құран Кәрімде: «Әй, мүміндер! Алладан қорқыңдар да дұрыс сөз сөйлендер. Алла істеріңді наалтып, күнәларыңды жарылқайды» - деген. Яғни, Алладан қорқып дұрыс сөз сөйлеуіміз - ісіміздің оңалуына әрі күнәларымыздың кешірілуіне себеп болады.

Билал ибн Харис әл Музани (р.а.) риуаят етеді. Пайғамбар (с.ғ.у.) айтты: «Расында бір адам Алланың ризалығынан болған бір сөзді айтады. Ол сөздің мәнінің соншалықты дәрежесінің барын білмейді. Сол сөзді сөйлегені себепті, Алла оған өзіне жолығатын күнге дейін өз ризалығын жазып қояды. Сондай - ақ, бір адам Алланың ашуынан болған бір сөзді айтады. Ол сөздің мәнінің соншалықты дәрежесі барын білмейді. Сол себепті, Алла оған өзіне жолығатын күнге дейін өз ашуын жазып қояды», - деген.

Яхия ибн Рашидтен жеткен хадисте Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Кімде-кім бір мүмін туралы онда жоқ нәрсені айтса, яғни жала жапса, Алла оны тозақтағы рәдфат әл-хабалға (тозақтың ең лас жері) орналастырады», - деген.

4. Шамаң жеткенше бауырыңның дүниелік істерін өтеуге көмек көрсетуің.

Абдулла ибн Омардан (р.а.) айтты: Бір кісі Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) келіп Ия, Алланың елшісі! Қайсы адам Аллаға ең жақсырақ және амалдардың қайсысы Аллаға ең жақсырақ? деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Адамдардың Аллаға ең жақсырағы адамдарға пайдалы болғаны, ал амалдардың Аллаға ең жақсырағы мұсылманның көңіліне кіргізген қуаныш немесе қайғысы болса қайғысын сейілтуді немесе қарызы болса қарызын өтесуді немесе аш болса қарнын тойдыруы, Мұсылман бауырының бір қажетін өтесіп жүруі мына мешітінде бір ай иғтикафта (мешіттен шықпай құлшылық жасау) тұрғанынан абзал, кім ашуын жүгендесе Алла оның кемшілігін жабады, кім ашуының ессесін алуға шамасы жетіп тұрып ашуын басқан болса Алла ол кісінің жүрген қиямет күні ризалыққа толтырады, кім мұсылман бауырымен бірге қажетін өтеуге шығып сол қажетін өтесе Алла қияметте оның қажетін өтейді, шындығында сірке су балды бұзғандай жаман мінез адамның жасаған амалын бұзады» - деді.

5. Бауырыңа насихат айту.

Шындығында мұсылман насихатшыл болып, бауырының кемшіліктерін толықтырып, түзетуге тырысу керек. Бірақ насихат айтарда ақыл-кеңес берудің де

Еске алу

Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны болған, отбасының тірегі, балаларының ардақты әкесі, аяулы ата **СӨУЛЕБЕКОВ Сайлаудың** фәниден бақиға озғанына 40 күн толады.

Жаныңыз жұмақта, топырағыңыз торқа, мамықтан болсын, асыл әке.

Сағынып еске аламыз біз өзінді, Болғай деп барған жері жұмақ төрі. Дұғамыз қабыл болып әрқашанда, Өкешім аймаласын Алла нұры.

Асқар таудай ақ иық қамқоршы едің, Біздер үшін төгілген маңдай терің. Бір Алладан ендігі тілеріміз, Жайлы болсын, Өкетай жатқан жерің.



Еске алушылар: жұбайы - Наркеш, балалары, немерелері.

Әкеміздің 40 күндік асы 4 қыркүйек күні Ақсу-Аюлы ауылы, С.Сейфуллин көшесі, 113 үйде сағат 11.00-ден бастап беріледі.

өзіндік әдептерін сақтаған абзал. Имам Шафиғи (р.а.): «Кім бауырың басқа адамдардың алдында насихаттаса оны балағаттағанмен тең, ал кім өз бауырына оңаша насихат айтса адалдық деген осы» деген. Сол секілді өмірлік тәжірибесі мол кісілерден насихат сұралған болса қайырлы кеңес беріп насихат айтуы міндет.

Бірде Абдулла ибн Мубарактың мәжілісіне бір кісі келіп мұсылмандардың бірі жайлы ғайбат айта бастаған. Сонда оған Абдулла ибн Мубарак:

- Сен өзін Руммен, болмаса Парсылармен соғыста болдың ба? - деді.

- Жоқ. - деп жауап қатты.

Сонда Абдулла ибн Мубарак оған рум да, парсылар да сенен аманда болып, мына бауырың құтыла алмаған екен деп, астарлап насихат айтқан.

6. Өзара бір-біріңе жәрдемдесу.

Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір сахабасына: «Бауырыңа ол жауыз болса да, жәбірленуші болса да жәрдем ет», - деп айтты. Мұны естіген сахаба таң қалып: Жәбірленушіге жәрдем етермін, ал жауызға қалай жәрдем етемін, - деп сұрағанда Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Оған жауыздық іс-әрекетін тыюға көмек беруің - оған сенің жәрдем еткенің», - деп жауап берген.

7. Бауырыңның айыптарын жауып, қателіктерін кешіре білуің.

Бауырың күнәдан пәк періште де, пайғамбар да емес. Сондықтан кейбір қателіктеріне кешіріммен қарау өте маңызды. Ғұламалар адамдарды екі топқа бөлген:

Адамдардың арасында жақсы істермен танылып, күнә істерден алыс болумен белгілі болған кісілер. Мұндай кісілердің жіберген кейбір кемшіліктерін көрсе де көрмегенсіп кешіріммен қарау міндет.

Келесілері өзара күнә істерді жарыса жасап, әрі жария істейтін, не Құдайдан да, адамдардан да ұялмайтын топ адамдар.

Ибн Омардан (р.а.) жеткен хадисте Алла елшісі (с.ғ.с.) былай дейді: «Уа, тілімен иман келтіріп, иманы жүрегіне жетпегендер, мұсылмандарды жәбірлендер, балағаттамаңдар, олардың кемшіліктерін іздемеңдер! Шындығында Алла мұсылман бауырының кемшілігін андығанның өзінің кемшілігін андыды. Ал Алла кімнің кемшілігін андыса, ол үйінің ор-

тасында жасырынып отырса да-маскарасын шығарады», - деді.

Шындығында, асыл дініміз бауырмашылдық пен кенпейілділік, бейбітшілік пен татулық, игі қарым-қатынас пен көркем мінез, жақсылық пен тақуалық, өзара жәрдемдесу секілді ізгілікті істердің бәрін өз ішіне қамтыған. Мұсылмандардың бауырмашылдығы берік болса, онда олар ала алмайтын қамал, өте алмайтын асу жоқ. Өкініштісі, қазіргі таңда мұсылмандар арасында достық, бауырмалдық мінездерден гөрі алты бақан алауыздықтық көбірек байқалатыны жасырын емес. Кейде болмашы бір дүниелік іске, пендешілікке салынып, мұсылман бауырларымен қарым-қатынасын үзіп жатады. Ислам шариғатында мұсылманның мұсылман бауырына үш күннен артық ренжіуіне тиым салынады. Елімізде халықтың діни-сауаттылығын арттырып, атадан қалған асыл дініміздің тағылымды тәрбиелік құндылықтарын бойымызға сіңіріп, іске асыра білсек қана халқымыздың бірін-біріне деген бауырмашылдығы арта түсері ақиқат. Расында, дін мен дәстүрімізді ұстансақ қана ізгілік пен береке-бірлігімізге айналады. Осыған байланысты мына оқиғаға зер салып көрсек. Бірде сабын сатушы мен діндар кісінің арасында мынадай сұхбат болыпты. Сабын сатушы: «Осы Ислам діні жақсылыққа үндеп, жамандықтан қайтаратын болса, неге онда оның пайдасы әлі көрінбейді, қоғамда көптеген дұрдараздықтар орын алып жатады?» - дейді. Діндар: «Егер сенің сабыныңның пайдасы болғанда дүниеде кір атаулы болмас еді ғой» - деп жауап қайтарады. Сабын иесі: «адамдар сабынымды пайдаланбаса менің қандай кінәм бар дейді? Діндар: «Егер адамдар дінді ұстанбаса діннің қандай кінәсі бар?» - деп байыптылықпен жауап берген екен.

Бір-бірімізге мейірімді һәм кешірімді, жанашыр, көркем мінезділік танытып, қамқор және бауырмашыл бола білейік!

Берік АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
аудандық «Жанқұтты би»
мешітінің бас имамы.

RÝHANI
JAŃGYRÝ

Ат баылар алтын бағана

ЖИДЕБАЙ ШЕШЕН

Жидебайдың атасы Дос батыр қалмаққа таң атырып, күн шығармаған. Жетпіс сегіз жасында жалғыз баласы Қожаназар екеуі қолға түскен. Сонда қалмақ “өлтіріп тастайық” деп сыбырласыпты. Сол сыбырласқанын құлағы шалған Дос батырдың айтқаны:

Сыбыр, сыбыр етеді,
Сыр құлақтан өтеді.
Сырласпаған жат, шіркін,
Өзім өлсем боғым-ай,
Қожаназар құлыным-ай, -
деп жылайды дейді. Қалмақ мұнысын көрген соң, “өкелі-балалы өзді-өзі кеңесіп: Бірін бізге олжаға қалдырсын, бірін еліне баруға босаттық”, - депті. Сонда бала ұшып тұрып жылап қоя беріпті:



“Өкетай-ай, мен лағың болайын, мені құдай жолына құрбандық деп қалмаққа бер де, ел-жұртыңды таба гөр.

Сақалыңның ағында,
Өлеріңнің шағында,
Қалмақтың моласында қалмай,

Қазақтың даласына баруға қала гөр”, - депті. Дос батыр айттыпты: “Қалмақ шалға зәру емес, жас ұланға зәру”:

Қазының егін асадым,
Жетпіс сегіз жасадым. Сені қалдырып мен елге барсам,
Екінші бірі, егіздің сыңары айтады,
Алысым былай тұрсын,
Душпаным былай тұрсын,
досым айтады, мына жалмауыз талайдың басын жалмаған жалмауыз емес пе,
жалғыз баласы Қожаназарды тастап,
ұялмай жылт етіп келуін қайтерсің, - дейді. Сен барсаң,
Дос өлген жоқ, міне тірі деп қуанады. Қатын алсаң,
балалы болсаң, сенен туған бала менің құнымды күндердің күнінде бір алмай қоймайды”, - деп батасын беріп,
баласын қайырып жіберіп, өзі қалады.

Сол Дос батырдың айтқан сөзі айнымай келіп, Қожаназардан туған немересі Жидебай батыр болып, қалмақтан

атасының кегін мықтап алды. Өлтеке Жидебай батыр әрі шешен болған екен. Жидебай көп жасап, көпті көріпті. 95 жасқа дейін өмір сүріп, нәсілі өсіп, немерелі-шөберелі болыпты. Бір толғауында былай дейді:

- Көп жасаған қария,
Ақылы - теңіз дария. Көкірегіңде көзі бар,
Көпке өнеге сөзі бар,
Сөзі - соқпақ, өзі нар.

Бертін қартайған кезінде жастық шағынан жолдасы болған Қараменде би есіне түсіп, былай деген екен:

Тобықтының басы еді
Қараменде, Сирек туар дәл сондай дара пенде. Асыл сөзден тең буған мың тоғалақ,
Орта жүздің құты еді кара көмбе. Қараменде досымен пікір алыспақшы болуды ойлайды. Бірақ өзі бара алмайды да, сөз мәнісін білетін бір жас жігітті

ғып, ел жайлы, ел амандығына қаныққасын жігіт қайтпақшы болады. Сонда Қараменде: «Жидекем тірі болса, маған басқа сәлем айтпады ма?» - деп сұрапты.

Сонда жігіт батырдың сөлемін айтыпты. Қараменде шарта жүгініп отырып, көп толғанып - ойланады. Біраздан кейін:

- «Төрт нәрседе үміт бар» дегені, адам баласы төрт үмітпен жүріп өтеді екен-ау:

Жас өсемін деп үмітті,
Жалғыз көбейем деп үмітті.
Жарлы байимын деп үмітті,
Ауру жазыламын деп үмітті.

- «Бір нәрседе үміт жоқ» дегені - шіркін, көктемі мен жазы өтіп жапырағы қуарған ағаштай, ұрты солып, жағы суалған көріліктен ғана үміт жоқ екен, - дейді.

- «Мұсылман жаудың қолында қалдым» дегені: бірге жасасып, төтті өмір сүріскен, бір-біріне иістері сіңіскен жастық шақтан жолдасы - жұбайы қайтып, жесір болып, келін баласының қолына қарап қалған екен ғой. Екі елі аузына төрт елі қақпақ қойсын, балаға сонда ғана сыйымды болады, - депті.

- «Бес атаның малын іздеп өуре болдым» дегені: Қайран батыр қартайып, көзі көр болған екен ғой. Жастан серік болған бес жолдасы: Мұсуақ, тәспік, орамал, бөкі, қамшы болар. Осылардың басын құрап жинау үшін жан-жағын сипалап іздеп тапқанша, түске дейінгі уақыты өтеді екен ғой. Жанына жан қалта, төсіне төс қалта салдырып алсын, - депті. Ол уақыттағы қазақтың киімдеріне қалта салынбайды екен.

- «Алпыс ат, үйір бермейді» дегені, алпыс жас ағайынды жауға беріспейтін қайрат-күштің қайтпайтын кезі екен ғой.

- «Жетпіс торғай шырылдайды» дегені - жетпісте торғайдай ғана қуатым қалды дегені ғой.

- «Сексен балапан ұя басып жатыр» дегені - сексенде ұяда жатқан балапандай төсек тартып жаттым дегені екен ғой.

- «Тоқсан жұмыртқа қашан жарыларын білмеймін» дегені - тоқсаннан асқан жасым бар, бір аяғыммен қабірдемін, ажал қашан жетеді деп күтудемін дегені екен ғой, - депті.

Жетпіс, сексен, тоқсан жас, талай ерді тосқан жас, Қашпасын да саспасын, Қасқайып көрсін қайран бас, -деп жауап берген дейді.

Біраз күн жатып тыны-

Құттықтаймыз!

Ақой ауылының тұрғыны, аяулы ана, асыл жар, қадірлі әріптес **ИСАТАЕВА Миранты** мерейлі 60 жасқа толған туған күнімен және құрметті зейнеткерлік демалысқа шығуымен құттықтаймыз.

Осы қуанышты күні деніңізге саулық, жанұяңызға бақыт тілейміз. Балаларыңыздың қызығын, еңбегіңіздің тек зейнетін көріңіз.

Мекен етсін жанұянда жақсылық,
Өсе берсін бала-шаға шат күліп.
Ортаймасын қуаныш-қызығыңыз,
Әлдилесін жақсы тілек, төтті үміт.

Отбасы ортасында ойнап күліп,
Берсін Алла бір басына

қайраттылық.

Біз тілейміз шаттық пен жақсылықты,
Зейнет жаста жүріңіз жайнап - күліп.

Игі тілекпен, құттықтаушылар:
Ақой ЖББ мектебінің ұжымы.



БИОЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КӘСІБИ МАССАЖ



ТЕЛЕФОН:
8 71031 21272 немесе 8 7082351902, 8 7789249192

БЭМ - бұл биоэнергетикалық массажер адам бойындағы биоэнергетикалық белсенді нүктелер мен меридиандарды ашып, адам ағзасындағы қан айналу системасын қалпына келтіре отырып, қанның қоюлануына, қан қысымының жоғарылауына, инсульт, инфаркт, қант диабеті, онкологиялық ісіктеріне жол бермеуге бағытталған алдыңғы қатарлы, жоғарғы технологиялық аппарат.

Бұл аппараттың көмегімен алған 45 минуттық массаж, 1-1,5 сағаттық 10 рет қолмен жасаған массаж және түйна, гуаша, отпен, инемен, банка қою (комплекті) алмастырады. Сонымен қатар, адам ағзасындағы қан айналу, лимфа, ішек құрылысы системаларының қызметін тоқсина мен шлактардан тазартып, созылмалы бауыр, бүйрек, жүрек, химия терапия алған онкологиялық науқастардың қалпына келуіне орасан көмегі зор.

Мекен-жайы: Ақсу-Аюлы ауылы, Шортанбай жырау көшесі, 73. Телефон: 8 71031 21272 немесе 8 7082351902, 8 7789249192 (Шолпан)

Жұмыс тәртібі: жұмыс күндері кешкі сағат 18.00-ден 22.00-ге дейін, сенбі, жексенбі күндері таңертеңгі сағат 10.00-ден кешкі сағат 22.00-ге дейін.

Ауыл шаруашылық техникаларына және жүк таситын көліктерге бөлшектер сатамыз.

Жеткізіп беру бар.

Тел. номері 87764863739

Ватсап номері 87075255608

ХАБАРЛАНДЫРУ

06.07.2021 жылы қайтыс болған Игликов Нурлан Хамитовичтің атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Б.Мұхановаға хабарласуға болады. Мекен жайы: Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Күлейменов көшесі, 17 үй.

18.11.2015 жылы қайтыс болған Бакиров Жетписбай Абдиқадырулының атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Б.Мұхановаға хабарласуға болады. Мекен жайы: Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Күлейменов көшесі, 17 үй.

25.05.2020 жылы қайтыс болған Сыздықова Эльмира Елубаевнаның атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Б.Мұхановаға хабарласуға болады. Мекен жайы: Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Күлейменов көшесі, 17 үй.

Shet-shugylasy

Шет аудандық қоғамдық-саяси газеті

 Директор-редактор
Мейрам Дәулетбекұлы
СӘДУАҚАСОВ


Құрылтайшысы және меншік иесі: Шет аудандық "Шет шұғыласы" газетінің редакциясы ЖШС-і.

Редакция мекен-жайы: Ақсу-Аюлы, Шортанбай жырау даңғылы, 73 үй.

Газет аптасына 1 рет, бейсенбі күндері шығады. Таралымы 2123 дана.

Газеттің басылу сапасына "Арқо" баспаханасы жауап береді. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет редакцияда теріліп, беттелді. тел/факс: 2-11-42, 50-9-03, 50-9-72.

Эл. пошта: Shshugla@mail.ru Қарағанды қаласындағы "АРҚО" баспаханасында басылды. (Қ.Сәтбаев көшесі, 15) Тел: 8 7212 411780.

Жосалбай Салтанат Тұяқбайқызы, жауапты хатшы тел. 50-9-03
Қасымхан Отыншин, Ақадыр өңірі бойынша жарнама қабылдаушы тел: 8 7754474955
Бухгалтерия тел. 79-0-81

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат Министрлігінде 2019 жылдың қаңтар айының 4 күні қайта тіркеуден өтіп, тіркеу туралы №17435-Г куәлігі берілген.